

Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-логопеді Абдрахманова Г.Б рефлексиялық есебі

Педагог-логопедтің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектеп логопедінің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

1-15 қыркүйек аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде педагог-логопедтің түзете-дамыту сабақтарына 9 бала тіркеуге алынды.

ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 5 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша (7-форма) оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар сөйлеу тілінде бұзылыстары бар 4 білім алушыға логопедиялық диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

ЖСТД 2,3-деңгейімен-3 оқушы, дыбыс айту бұзылыстары бар – 3 оқушы, жазу мен оқудың бұзылуы-3 оқушы тізімге алынды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (педагог-логопед, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқыланды (Әр оқушыға 3-форма, 4-форма, 5-формалары толтырылды).

ПМПК қорытындысы және логопедиялық диагностика нәтижесінде 9 білім алушыға жеке дамыту бағдарламалары әзірленді.

Оқушыларды логопедиялық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасы мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ереше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды.

Оқу жылының соңында оқушылар саны – 9, сабақты жалғастыруға қалдырылған оқушылар саны –9, басқа жаққа кеткен, арнайы мектепке жіберілген білім алушы жоқ, ПМПК жіберуге ұсыныс берілді-4 оқушы

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2022-2023 оқу жылында ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

Оқу жылының басында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына жеке кеңестер беріліп, білім алушылардың тілдік қорытындылары таныстырылды. Логопедиялық үй тапсырмаларының маңызы түсіндірілді.

Логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға машықтандырудың тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында ата-аналарға кеңес берілді. Барлығы 18 ата-ана қатысты.

Мақсаты: Ата-аналарға дұрыс оқу бұзылыстарын түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту. Оқытуда тиімділікке жетудің көптеген әдістерінен ақпарат беру.

«Бастауыш сынып оқушыларының ұсақ қол моторикасын дамыту жолдары» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: білім алушылардың үй жағдайында жасалатын ұсақ қол моторикасын дамыту ойындары арқылы балалардың есте сақтауы, зейіні, таным әрекеттері, көру қабілеттері қалыптасатындығын ұғындыру.

Ұсақ қол моторикасына арналған жаттығулар мен ойындар кешені құрастырылып, үлестірмелі материалдар таратылды.

«Балалардың тілдік ақауларының алдын алу» тақырыбында баяндама оқылып, кеңестер берілді.

2022-2023 оқу жылында мектеп мұғалімдеріне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

Педагог-логопедтің мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдану» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуда заманауи технологияларды пайдалану жолдарын көрсету. Заманауи білім беруде ақпараттық-коммуникативті технологиялардың мүмкіндіктерін түсіндіру.

«Дислалия және оны түзету жолдары» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Балалардағы сөйлеу тіл бұзылыстарының пайда болу себептері, дыбыс айту бұзылыстарын түзетудің тиімді әдіс-тәсілдерін түсіндіру.

«Оқушылардың жазу мен оқуының бұзылуы» тақырыбында баяндама оқылды.


Мақсаты: оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттарымен таныстыру, оқу және жазу бұзылыстарының алдын алу.

Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастырудың алғышарттары, түзету жұмыстарының бағыттары бойынша түсіндірілді. Жұмыстар жүргізу барысында оқушылардың көріп қабылдауын, кеңістікте бағдарлауын, естіп қабылдауын, фонематикалық түсініктері мен графомоторлық дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері туралы ақпарат берілді.

Өзін-өзі дамыту

Инклюзивті білім беру және логопедия орталығынан «Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен педагогикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру бойынша логопедтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында 72 академиялық сағат курс өттім.

Логопед:



Г.Абдрахманова

Логопедтің есебі

Логотүзету			
Логотүзетуге мұқтаж	Бала саны		Жалпы оқушы санына шаққандағы пайызы
	1 бала- 0-ші сынып		8,3
	3 бала- 1-ші сынып		15,7
	3 бала-2 -ші сынып 1 бала-3ші сынып 1 бала-6-шы сынып		15,7 4,3 5
Қамтылды, барлығы	Бала саны		Мұқтаж оқушы санына шаққандағы пайызы
	1 бала-0 сынып		100
	3 бала- 1-ші сынып		100
	3 бала-2 -ші сынып 1 бала-3ші сынып 1 бала-6-шы сынып		100 100 100
	0		0
Қамтылмады, барлығы			
Бала саны		Мұқтаж оқушы санына шаққандағы пайызы	
0			
Ауызекі тілді бастапқы және қорытынды мониторингтеу нәтижелері			
Бастапқы мониторинг	Қорытынды мониторинг	Қиындықтар	Шешу жолдары
2022-2023 оқу жылында мектепшілік логопедке бақылау жұмысының қорытындысымен 9 бала тіркеуге алынды.Әр балаға 1-15 қыркүйек аралығында диагностика жасалып,сөйлеу карталары толтырылды.Логопедтің жылдық жұмыс жоспары,ата-	Жеке дамыту бағдарламасына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары	Тілдің дыбыстық жағын зерттеу: дыбысты айтуы мен фонематикалық процесс бұзылуы.Жазбаша жұмыста әріптерді шатастыру,әріп элементтерін кате жазу ауызша сөйлеу тіліндегі сөздердегі дыбыстар мен буындардың	Тіл кемістігін түзету жұмысында түрлі әдіс-тәсілдер қолдану.Тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату дағдыларын дамыту.Берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету..Байланыстырып

<p>аналармен, мұғалімдермен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға, мұғалімдерге кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналы бекітілді. Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылды. Түзету жұмыстары жеке және топпен құрылды. Оқушылардың іс-әрекетін бақылау формалары (2а, 2б форма) дайындалды. Ата-аналармен (1а, 1б форма) толтырылды. Оқушылардың оқу қиындықтары көрінісіне әр оқушыға (3, 4, 5 формалар) толтырылды.</p>	<p>құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзету-дамыту сабақтары жүргізілді. Білім алушыларға жеке бағдарламалар мен оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды. Ата-аналарға: түзету дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді. Мектеп мұғалімдерге сұраныстар бойынша кеңестер</p>	<p>орнын ауыстыру, шатастыру, артық дыбыстар мен буындарды қосып алу.</p> <p>Лексика-грамматикалық қор: балалардың сөздік қорының аздығы, енжар және белсенді сөздік қорының аздығы. сөйлемдегі сөздің дұрыс ұйқастыра алмау, сөйлемдерді байланыстырып сөйлеуде қиналады. Сөз таптарын орнымен дұрыс қолдана білмеу, септік жалғаулардың орнын ауыстырып айту сөздің жекеше, көпше тұлғаларын және етістіктердің түрлерін қолданудағы қателер.</p>	<p>сөйлеу тілдерін дамыту үшін заттық, сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құруға ынталандыру. артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету. сөйлеу тілінде қалыптаспаған дыбыстарды толық анықтап, дыбыстарды қою және бекіту жұмыстары жүргізу. Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құрылымын дұрыс қалыптастыру. Сөйлемдерді графикалық сызбалармен сәйкестендіру немесе графикалық сызбаға сәйкес сөйлем құрау дағдыларын дамыту;</p>
--	--	---	--